

"Балуан Шолақ атындағы мәдениет және спорт сарайы" республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнын Алматы қаласы әкімінің коммуналдық меншігіне беру туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2000 жылғы 26 тамыз N 1309

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. "Балуан Шолақ атындағы мәдениет және спорт сарайы" республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнын (бұдан әрі - Спорт сарайы) Алматы қаласы әкімінің коммуналдық меншігіне беру туралы Алматы қаласы әкімінің ұсынысы қабылдансын.

2. Қазақстан Республикасының Туризм және спорт жөніндегі агенттігі Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитетімен бірлесіп Спорт сарайын Қазақстан Республикасының заңнамасы талаптарына сәйкес республикалық меншіктен, Алматы қаласы әкімінің коммуналдық меншігіне беруді қамтамасыз етсін.

3. Алматы қаласының әкімі заңнамада белгіленген тәртіппен коммуналдық меншікке берілетін Спорт сарайын қайта тіркеуді қамтамасыз етсін.

4. "Қазақстан Республикасында мемлекеттік меншік объектілерін жекешелендіру мәселелері" туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1998 жылғы 10 желтоқсандағы N 1271 Р981271_ қаулысына (Қазақстан Республикасының ПУКЖ-ы, 1998 ж., N 48, 426 -құжат) мынадай өзгеріс

енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген 1998-1999 жылдары жекешелендіруге жататын республикалық мемлекеттік кәсіпорындардың тізбесіндегі, реттік нөмірі 2-жол алғыншын тасталысын.

5. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

Мамандар:

Қобдалиева Н.М.

Орынбекова Д.К.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК